ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

## «ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

## «ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ, ОПЫТ – ВЕКТОРЫ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

I КНИГА




Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;
**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;
**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;
**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;
**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;
**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;
**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;
**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;
**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;
**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

**И 63** «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2023. – 1081 с.

**ISBN 978-601-356-244-5**

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтысарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5
9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2023

нальной деятельности. При обдуманном, грамотном использовании средств ИКТ в качестве новых форм обучения можно решать ряд важных задач дидактического характера:

– в первую очередь, добиваться совершенствования самого процесса преподавания;

– значительно повышать уровень самостоятельной работы учащихся, результативность его самоподготовки;

– активизировать процесс обучения учащегося в направлении научно–исследовательской, поисковой деятельности;

– воздействовать на формирование мотивации учащегося к обучению;

– обеспечивать процесс непрерывного и гибкого обучения и т.д.

– для повторения и закрепления пройденного материала;

– для создания различных учебных ситуаций, в которых студент усваивает материал в игровой форме;

– для обеспечения необходимого уровня усвоения учебного материала;

– для проведения удалённых экспериментов на реальном оборудовании;

– для сообщения разного рода сведений и формирования навыков и умений по отбору и систематизации информации и т.п.

Подводя итог вышесказанному, следует ещё раз подчеркнуть, что интенсивное внедрение информационных технологий в образование – неизбежный процесс. Именно поэтому его необходимо тщательно изучать с точки зрения тех негативных последствий, которые могут наступить ближайшей и отдаленной перспективе.

И тут возникает проблема для нас, педагогов. Многие становятся зависимыми от техники. Но каждый сам выбирает, как распоряжаться временем. Нужно научиться использовать все изобретения во благо, главное применять информационные технологии во благо человечества, ведь именно мы решаем, в какое русло направить эти возможности: на благо или во зло.

**Список литературы:**

1. Щипицина Л.Ю. Информационно–коммуникационное пространство гуманитарного образования : учебное пособие / Л.Ю.Щипицина, Е.И.Воробьева. Москва: ФЛИНТА, 2019. 238 с. ISBN 978–5–9765–3972–3. URL: https://e.lanbook.com/book/135370 (дата обращения: 20.0.2023). Режим доступа: для зарегистрированных пользователей. Текст : электронный

2. Барбашина Э.В. Дистанционное / электронное обучение: минимизация сложностей / Э.В.Бар–башина, Н.В.Гуляевская. DOI: 10.15372/PEMW20190312. Текст: непосредственный // Профессиональное образование в современном мире. 2019. Т. 9, №3. 2997–3008 с. Библиогр.: с. 3005–3008 (39 назв.). ISSN 2224–1841. Имеется электрон. версия публикации. URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41143887 (дата обращения: 22.01.2023). Режим доступа: для зарегистрированных пользователей

УДК 373

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

*Мендыбаева Шнар Жаманшаловна*
*педагог –сарапшы, қазақ тілі мен әдебиетімұғалімі*
*Нурина Алмагуль Кабдулгаликызы*
*қазақ тілі мен әдебиетімұғалімі, педагог –сарапшы*
*«Қостанай қаласы білім бөлімінің №19 жалпы білім беретін мектебі»*
*Қостанай қаласы, Қазақстан*
*E–mail: shnar87erke@mail.ru*

**Аңдатпа**

*Қазақ тілі пәні сабағын оқытуда жаңа технологиялардың элементерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет.Заман талабына сай іскер, жан – жақты, терең білімді, зияткерлік, шығармашыл деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу. Еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.*

**Түйінді сөзер**: технология, білім, инновация, ұрпақ, оқушы

**Аннотация**

*Особое внимание при преподавании казахского языка необходимо уделить технологии уровневого обучения с применением элементов новых технологий. Современное деловое, всестороннее, глубоко образованное, интеллектуальное, творческое воспитание с высоким уровнем развитой ученичества. Главная задача системы образования в странедовести уровень образования подрастающего поколения до международного уровня путем перехода к национальной модели образования.*

**Ключевые слова:** технология, образование ,инновация, поколение, ученик

**Abstract**

Special attention should be paid to the technology of level–based learning with the use of elements of new technologies when teaching the Kazakh language. Modern business, comprehensive, deeply educated, intellectual, creative education with a high level of developed apprenticeship. The main task of the education system in the country is to bring the level of education of the younger generation to the international level by switching to a national education model.

**Key words:** technology, education, innovation, generation, student

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда ақпараттық–коммуникативті технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Оқу үрдісінде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» деген болатын. [1, б. 17]

Яғни, еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Осы бағытта оқытушылар алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа ақпараттық технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұрғанын жақсы түсінеміз. Өйткені кез–келген адамның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері адамның интеллектуалдық, шығармашылық потенциялының даму мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бүгінгі білім беру сапасы– бұл біздің қоғамымыздың ертеңі. Ж.Аймауытов айтқандай: «Сабақ беру – жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» десек, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. [2, б.26]

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан–жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс–тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңа заман мұғалімі өз білімін қолдану мен қатар, шәкірттеріне зерттеушілік, ізденушілік әрекеттерін де меңгерту керек. Қазіргі таңда әдіс–тәсілдердің тиімді жолдарын мұғалім өз еркімен таңдайды. Әр ұстаз өзінің оқушыларының талантты да талапты, дарын–ды да даралы болғанын армандайды. Осыған жетуге тырысып, оны шешу жолдарын іздейді. Біз де өз оқушыларымызға нәтижеге жету жолдарын көрсетуге тырысамыз. Оқушылардың шығармашылық және танымдық ерекшеліктерін анықтау мақсатындаоның ерекше қабілеттерін айқындау жолдарын анықтауды қарастырамыз. Оқушылардың қабілеттері арнайы тапсырмалар нәтижесі бойынша және сыныптағы оқушылардың қабілеттеріне байланысты анықталды.

Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың көптеген түрлері бар. Атап айтсақ модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек – сызба технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы және т.б. Қазақ тілі пәні сабағын оқытуда жаңа технологиялардың элементерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне, жеке тұлғаның жан–жақты дамуына бағытталған.

Яғни олар не үшін керк?:

1. Оқушының дайындық деңгейін бақылай алу;
2. Оқу материалын сұрыптап ұсына алу;
3. Оқу әрекетін ұйымдастыра алу;
4. Диалог жүргізе алу;
5. Сабақ барысында жағымды эмоция сезімдерімен қаныктыра алу;
6. Мақсаттың нәтижеге ұласуын жоспарлау, жүзеге асыра алу.



*Сурет 1.*



*Сурет 2.*

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Қазақ тілі пәні сабағын оқытуда жаңа технологиялардың элементерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне, жеке тұлғаның жан–жақты дамуына бағытталған.Оқушының жан–жақты дамып, жетілуіне, шығармашылықта жұмыс істеуге бейімделуіне, топта, жұпта жұмыс істей алу қажеттілігіне жетелейтін бірден–бір әдіс. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін–өзі дамытып, оқу–тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Соның бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігі. Мұнда әр оқушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

– қызығушылықты ояту;
– мағынаны тану;
– ой–толғаныс.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Оқытудың жүйесі өзгерді. Осыған байланысты алдымызда оқытудың әдіс–тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұрғандығы баршамызға аян. Яғни, қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой–өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, оларды еркін қарым–қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырамыз. Бұл төрт дағды бір сабақтың үстінде өзара байланысты бірізділікпен жалғасын тауып жатады.

«Қазақ тілі» пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

– ақпаратты сурет және белгілер/пиктограммалар арқылы беру;
– каллиграфиялық нормаларды сақтау;
– сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсыр–малар орындау;
– мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
– мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыру;
– сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
– шағын хат жазу;
– есте сақтау арқылы жазу;
– байқағаны, ұнататын істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
– сурет бойынша жазу;
– өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетіндігінатап өткен дұрыс деп ойлаймын. Соған дәлел ретінде газет–журнал мақалаларымен жұмысты алуға болады. Мысалы, «Негативтен–позитивке»

тапсырмасы мақаланы қайта өңдеп жазуға көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келемін. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырамын. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады. Бұл қызығушылықты ояту кезеңінде Миға шабуыл стратегиясы, Топтастыру, Т кестесі стратегиясы арқылы қолдану тиімді. «Егіздер» әдісін пайдалануға ұсынамыз. Мұнда екі оқушы тақтаға шығып, тақырып бойынша жаңа сөздерді жазып, үшінші оқушы сол екі сөзден тіркес құрайды. Қалған оқушылар тіркестерден сөйлем құрап дәптерлеріне жазады. Бұл әдіс оқушының жазылым дағдысымен бірге ойлау қабілетін арттырып, грамматикалық дағдыларын дамыта түскендігін байқадым. Яғни, бұл жерде бірлескен жазылым жұмысы көрінді. Осы әдіс бойынша тапсырма орындауда өте жақсы ахуал қалыптасқанын, ұжымдық түсіну сияқты табысқа қол жеткізгенімді байқадым. Жалпы жаңартылған бағдарлама әсіресе оқылым мен жазылымда оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстайды. Өйткені орыс тілді аудиторияның сөздерді мәтін мазмұнын тез түсініп,ойын қағазға түсіруіне оңай әдістің бірі.

Жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады.Осылайша, күн сайын сабақта жаңа әдіс–тәсілдерді енгізе отырып, жазылым сынды дағдыны да қызықты етіп өткізуге болады.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технология–ларды қолдану – оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Елбасымыз айтқандай «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман». [3, б. 7] Ендеше тұлға қалыптастыруда жан–жақты біліммен қаруланған заманауи ұстаздың болуы міндет.Егер мұғалім өз сабағында жоғарыда көрсетілген сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалана алса,оқушылар тапсырмаларды қызығушылықпен орындары сөзсіз. Ал мұғалім заман талабына сай шебер ұстаз болатынына сенімім мол. Қазақ тілі сабағында білім алушының тілін дамыту.

Қазақстанның болашағы алдымызда отырған мектеп оқушылары. Сондықтан осы оқушыларға жан–жақты білім беру, өз пікірін айтып, дәлелдей алатын, білімді, білікті тұлға тәрбиелеу ұстаздарға жүктеліп отыр.

Бүгінгі күннің басты талабы – болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеріп, дүниежүзілік білім кеңістігінен көріну, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда әлемдік озық үлгілерді тиімді пайдаланып, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологияларын меңгеріп, оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуда, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыруда, мемлекеттік тілді меңгеріп, сауатты жазып, сөйлеуіне жағдай тудыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің атқаратын қызметі. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпаққа жаңа серпіліс беретін бағдарлама депесептейміз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы. «Білім баспасы», 1998. 17 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы, 1966. 26 б.
3. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Жолдауы. лматы. «Білім баспасы», 1998. 7 б.
4. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарлзь Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002
6. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 1997
7. Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары. Республикалық ғылыми–әдістемелік конференция. Алматы, 2011
8. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М.Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002.
9. Е.Ө.Жұматаева «Проект технологиясы және оның білімдендіру үдерісіндегі рөлі» Павлодар, 2015